

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 6 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 4946 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 26.07.2021 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Құрманғазы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 12-11/83 ұсынысы негізінде, Көптоғай ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты, округ тұрғыны Е. Байшевтың жеке мал қорасы орналасқан Х. Елжанов көшесі (түгел көше) аумақтарына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Құрманғазы аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Құрманғазы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көптоғай ауылдық округ әкімінің
міндетін атқарушы*

Г. Баженова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК